

Коммерциялық емес ашық акционерлік қоғам
АЛМАТЫ ЭНЕРГЕТИКА ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС УНИВЕРСИТЕТІ
Инженерлік экология және өмір қауіпсіздігі кафедрасы

ТАҚЫРЫБЫ: КЕМІРГІШТЕР
ОРЫНДАҒАН: ЖҰМАҒАЛИ А.Ж
ҚАБЫЛДАҒАН: БЕКМУРАТОВА Н.С

ЖОСПАРЫ

- Кіріспе
- 1.Кемірушілердің таралу аймағы.
- 2.Қазақстандағы кемірушілердің түрлері.
- 3.Кемірушілердің пайдасы мен зияны.

Кемірушілер (Rodentia) – сүт қоректілердің бір отряды. Бұған жер жүзіндегі сүт қоректілердің төрттен үш бөлігі, ал СССР-дегі сүт қоректілердің жартысы дерлік жатады. Кемірушілердің қазба қалдықтары-полеоцен дәуірінен белгілі. Кемірушілер Бор дәуірінде, сірә, насеком қоректілер мен бір ата-тектен дамыған болса керек. Кемірушілерге осы кезде туыстығы жағынан жақын топ қоянтәрізділер отряды жатады. Кемірушілердің ең ұсақ түрінің тұрқы 5 см, су шошқасы 1,25 м. Кемірушілердің тісі қатты қорек жеуге бейімделген. Күрек тістері (әр жақ сүйегінде бір жұп) күшті дамыған, доға тәрізді имек келген және үнемі өседі, әр тістерінің эмалы мен дентиннің қаттылығы әр түрлі болғандықтан, тісі өзінен-өзі қайралып, өмір бойы мұқалмайды. Кейбір кемірушілердің азу тістері де үнемі өседі. Ит тістері болмайды, күрек тістері мен азу тістері арасында тіссіз бос жер – диастема болады. Азу тістерінің беті бұдырлы, қырлы не қатпарлы. Бұл тістері де тіс эмалының қалыңдығы әр түрлі болғандықтан өзінен-өзі қайралады.



Кемірушілер жер жүзіне түгел таралған. Осы кезде тіршілік ететін 30 тұқымдасқа, 400-ден астам туысқа бөлінетін 2000-дай түрі бар. СССР-де 11 тұқымдасқа, 50 туысқа жататын 130-дан астам түрі белгілі. Бұдан басқа антропоген дәуірінен 70 түрі, оның ішінде 15-ке жуық өліп біткен туысы табылды. Кемірушілердің қазір тіршілік ететін түрлері әдетте үш отряд тармағына бөлінеді. Бұлардан тиін тәрізділердің(Sciuromorpha) осы кезде тіршілік ететін 5 тұқымдасы (құндыз,америка тау құндызы, тиін, қапшықты егеуқұйрық, гетеромитдер) және өліп біткен 5 тұқымдасы бар. Жайра тәрізділер отряд тармағына(Hystricomorpha) осы кезде кездесетін 12 тұқымдас (кәдімгі жайра,ағаш жайрасы,теңіз ақ тышқаны,су шошқасы,агути,саз құндызы,шиншилла т.б.) және өліп біткен үш тұқымдас жатады. Тышқан тәрізділер (Muromorpha) он тұқымдасқа (қарақас тышқан,жалманқұлақ тышқан,қосаяқ,соқыр тышқан,аламан т.б.) және 3 қазба тұқымдасқа бөлінеді. Қазақстанда кемірушілердің 9 тұқымдасқа, (ақтиін,ұшар,жалманқұлақ,жай-ра, қарақас тышқан,қосаяқ,соқыр тышқан,аламан және тышқан) 36 туысқа бөлінетін 70 түрі бар. Бұның 4 түрі тек біздің республикада ғана кездеседі. Олар: жалманқұлақ (*selevinia betpakdalensis*), жуан құйрық қосаяқ (*pygerethmus platynrus*), Житков қосаяғы (*p.Zhitkovi*) және Виноградов қосаяғы (*p.Vinogradovi*).



КЕМІРГІШТЕР ОТРЯДЫ



ТИНДЕР ТҰҚЫМДАСЫ



Қосаяқтар – шөл хайуанаты.

Қосаяқтардың дене пішіні тышқанға , құлағы қоянның құлағына , аяғы кенгуру аяқтарына , ал құйрығы арыстанның құйрығына ұқсайды. Басқа аңдар төрт аяғымен жүгірсе , бұлар екі артқы аяғымен секіреді. Құйрықтары тұрқына қарағанда 2 — 3 есе ұзын келеді

Жайра

Қазақстанда сирек кездесетін және жойылып бара жатқан аң есебінде Қазақ СССР-дің қызыл кітабына жазылған кеміргіш бұл – Жайра. Арқасында ұзындығы 3 см ден 30 см ге дейін жететін ине тікенектері бар. Түсі шұбар, әрбір ине тікенегі нүктелі – сызық түрінде кезектескен қара және ақ жолақтан тұрады. Осындай ине – тікенек жайрада 30 мыңдай, бірақ бұл инелер жеп – жеңіл, тіпті бәрінің жиынтық салмағы 100 ақ гр жуық. Жайра әжептеуір ірі, аң тұрқы 80 см. ге, салмағы 13 кг. ға жетеді. Бір қызығы жайра түлегенде ине тікендерін бірден түгел ауыстырмай, біртіндеп ауыстырады. Алдымен бірнеше ине тікені түседі де оның орнына жаңа ине тікендері шыққанша, басқа ине тікендері сол қалпында тұрады.



Қомағай хайуанат

Қарақас — ит тұмсығы өтпейтін қурай мен бұталардың арасында тіршілік ететін аң. Ол Қазақстанның оңтүстігі мен оңтүстік – шығысындағы жеміс – жидекті ормандарда кең тараған. Әсіресе оның қоры Іле және Күнгеі Алатаулары етегіндегі бақтарда мол. Бұл жерлерде ол жабайы алма, өрік, үйеңкі, мойын және долана сияқты ағаштардың арасын мекендеп, сол жерлерде ұя салады. Жұмсақ, сұрғылттау дақ араласқан жүні, ұзын шашақты болып келген құйрығы тиінді еріксіз еске түсіреді. Қарақастың белгісі: оның көзінің үстінде құлақтан бастап тұмсығына дейін созылған жалпақ қара жолақтары бар. Аңның аты да осыған байланысты қойылған болуы керек. Бұл хайуанат жемін түнде аулауға шығады.

Су тышқаны

Дене тұрқы 22 см ден аспайды қара қоңыр түсті, құйрығы ұзыншалау кеміргіш Қазақстанда Қызылорда, Шымкент және Жамбыл обылыстарынан басқа жерлердің барлығында кездеседі. Әсіресе Қостанай, Солтүстік Қазақстанда Көкшетау және Целиноград обылыстарының көлдірінде, Торғай, Есіл сияқты өзендерің бойында өте — өте көп болады.

Су тышқаны ағысы балу өзенің жағаларынан, көлдерден қалқыма аралардың жағаларынан, арық және бұлақтар бойынан, қамыс арасынан ін қазып немесе тайарларға ұя салып мекендейді. Түнгі мезгілде тіршілік ететін аң. Ол судың жағасында өсетін әр түрлі өсімдіктерді, әсіресе, құрақ – қамыс тамырларын қорек етеді. Ұсақ балықтарды, әр түрлі құрттарды да жейді. Ол қыс бойы ұйықтамай тіршілік етеді.

Су тышқаны жылына бірнеше рет шоғылысады жағаласу мерзімі жазғытұрым басталып, Күзге дейін жалғасады. Осы мерзім ішінде ол бірнеше рет балалап, әр балалағанда 3 – 14 күшік табады. Сөйтіп, бұл кеміргіш өсімтал келеді.

Назарларыңызға рахмет